

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі» ММ
«Т.Жүргенов атындағы жалпы орта білім беретін» КММ - нің кезектен тыс
№5 педагогикалық кеңесінің хаттамасы

02 мамыр 2024 жыл.

Күн тәртібі

1. Білім беру қызметіне өзін-өзі бағалау жүргізу туралы

Тыңдалды:

Л.Х.Еспанова- мектеп директоры

2024 жылдың қазан айында Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 «Білім туралы» Заңының «Білім беру жүйесіндегі мемлекеттік бақылау» 59 бабы негізінде мектеп мемлекеттік аттестаттаудан өтеді. Мемлекеттік аттестаттау алдында өзін –өзі бағалау жүргізілуі тиіс. Сол себепті ағымдағы жылдың 02-31 мамыр аралығында өзін-өзі бағалау жүргізіледі. Бағаланатын кезеңдер 2021-2022, 2022-2023 және ағымдағы 2023-2024 оқу жылы болып саналады. Өзін-өзі бағалау кезінде барлықтарыңыз үлкен жауапкершілік танытып, ұйымшылдықпен процеске қатысуларыңызды сұраймын. Өзін-өзі бағалауды жүргізу үшін комиссия құрамын бекітуіміз керек.

А.А.Кудайбергенова - директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары

Комиссия құрамына өзімді, тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлар Н.Кудайбергеновті, Б.Жанабергенованы, әдістемелік ісі орынбасары А.Шайхинаны және оқу ісінің орынбасары Г.Досаеваны ұсынамын.

Г.А.Досаева оқу ісі жөніндегі орынбасары

Мектеп кітапханашысы Л.Алмаханованы, мектеп психологтары Б.Дабылованы, Г.Туребекованы, әдістемелік бірлестік жетекшілері Г.Мамырованы, Г.Балмашеваны, шаруашылық ісі орынбасары Ж.Мамыровты және шағын орталық тәрбиешісі А.Әмидолланы ұсынамын.

Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Г.Досаева Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің 2022 жылғы 27 желтоқсандағы №12 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдармен таныстырды.

Шешім:

02.05.-31.05.2024ж аралығында мектептің білім беру қызметіне өзін –өзі бағалау жүргізілсін.

Педагогикалық кеңес төрағасы:
Педагогикалық кеңес хатшысы:



Handwritten signatures in blue ink.

Л.Х.Еспанова
Ш.С.Искакова